

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 1 бет
--	--	--

## **ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

---

### **БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ**

**ӘН V-05-2022**

**Әзірлеген:** АМД директоры  
Ударцева С.М.



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 2 бет
--	--	--

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	4
5	Білім беру қызметтерін жобалауға қойылатын талаптар	4
6	Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	5
7	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	6
8	Сақтау	6
9	Талдау және өзектендіру	6
10	Өзгерістер енгізу	6
	А қосымшасы Білім беру қызметтерін жобалау процесі	7
	Б қосымшасы Келісу парағы	8
	В қосымшасы Танысу парағы	9
	Библиография	10

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 3 бет
---	--	--

## 1 Қолдану саласы

1.1 Осы Әдістемелік нұсқаулық (ӘН) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-да білім беру қызметтерін жобалау процесін басқару тәртібін, сондай-ақ осы жұмыстарды орындаушылардың жауапкершілігін белгілейді.

1.2 Осы ӘН нормативтік құжат болып табылады және бөлімшелерінің басшылары мен басшыларының орындауы үшін міндетті.

1.3 Осы ӘН сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы ӘН-та мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері.

Талаптар».

ҚР СТ ISO 9000: 2017 (ISO 9000:2015) Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары.

ҚР X-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару».

## 3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы ӘН-та Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік. ҚР СТ ISO 9000:2017 (ISO 9000:2015) сәйкес терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

ҚР – құжатталған рәсім;

СБӨ – сапа жөніндегі басшылық өкілі;

АМД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

СМЖАО – сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 4 бет
---	--	--

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі.

#### **4 Жауапкершілік және өкілеттіктер**

Білім беру қызметтерін жобалау, оларды келісу, бекіту, орындау мерзімдері үшін жауапкершілік пен өкілеттіктер мынадай түрде бөлінеді:

Басқарма Төрағасы - Ректор жауапты:

- осы әдістемелік нұсқаулықты және оған енгізілген өзгерістерді бекіту;
- қажетті материалдық, қаржылық және басқа ресурстарды бөлу.

Осы ҚР-нің орындалуы мен басқарылуына сапа жөніндегі басшылықтың өкілі (СБӨ) жауапты болады.

Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі Проректор жауапты:

- білім беру қызметтерін жобалауға және әзірлеуге дайындық бойынша жұмыстардың орындалуын жоспарлау және бақылау.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры жауапты:

- құжаттарды әзірлеу үшін кафедраларға жіберілетін жобалауға арналған бастапқы деректердің толықтығы;
- жобалау мерзімдерін сақтау;
- қабылданатын шешімдер және олардың тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестігі;
- жобалауға тапсырманың толық және уақтылы берілуі;
- білім беру қызметтері жобасының материалдарын мүдделі және инспекциялаушы ұйымдардың қарауына және келісуіне уақтылы жіберу.

Кафедра меңгерушілері жауапты:

- білім беру қызметтерінің жобасын орындау мерзімдерін сақтау;
- әзірленіп жатқан құжатқа тапсырыс берушілердің, инспекция жүргізетін ұйымдардың талаптарын дәл сақтау;
- білім беру қызметтерін жобалауға ұсынылған ақпараттың сенімділігі.

#### **5 Білім беру қызметтерін жобалауға қойылатын талаптар**

5.1 «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-да бірлесіп орындаушылар арасында жұмысты бөлуді қамтитын білім беру қызметтерін жобалауды жоспарлайды. Бұл ретте тапсырмаларды үйлестіру, білім беру қызметтері жобасының үйлесімділігі, талдау жүргізу және өзгерістерді үйлестіру қамтамасыз етіледі.

5.2 Білім беру қызметтерін жобалау үшін кіріс деректері жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, заңнамалық және нормативтік талаптар, білім беру қызметтері нарығының талаптары болып табылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 5 бет
---	--	--

5.3 Жобалаудың кіріс деректері білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензия болып табылады.

5.4 Басқарма Төрағасы - Ректор ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес білім беру қызметтерін жобалау туралы шешім қабылдайды [1].

СБӨ АМД директорына білім беру қызметтерін жобалау туралы мәліметті хабарлайды, онда әзірлемені тексеру, талдау және бағалау жүргізілуі тиіс мерзімдер мен жобалау кезеңдері талданады.

5.5 АМД директоры осы бағыттағы маманмен бірлесіп (кафедралардың жетекші профессорлары мен доценттерінен, сондай-ақ АМД қызметкерлерінен) жобаны әзірлеу үшін бөлімшені (кафедраны) таңдайды.

5.6 Кафедра меңгерушісі жобалау үшін кіріс деректеріне талдау жүргізеді, алынған материалдар мен құжаттардың олардың ҚР "Білім туралы" Заңының [1], Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 351 бұйрығымен бекітілген "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының талаптарына сәйкестігін тексереді [2].

5.7 Кафедра меңгерушісі кафедраның жетекші мамандарымен бірлесіп Мемлекеттік қызмет стандартының талаптарына сәйкес мамандықты лицензиялауға құжаттар дайындайды[2].

5.8 АМД лицензиялау үшін құжаттар пакетін қарастырады. Егер бар болса, құжаттарға ескертулер мен толықтырулар енгізіледі.

5.9 Басқарма Төрағасы - Ректор құжаттар пакетін бекітеді, содан кейін бөлім қызметкерлері мен АМД мамандары «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы мәліметтерді Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің электронды базасына орналастырады.

5.10 Цифрлық университетті дамыту департаментінің қызметкерлері бұл жұмыстарды жүзеге асыруда техникалық қолдау көрсетеді.

5.11 Білім беру қызметтерін жобалау процесі А қосымшасында берілген.

## **6 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу**

Осы ӘН-ты келісу СБӨ-мен, Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректормен, ЖББ басшысымен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (Б қосымшасы) ресімделеді.

Құжатты бекіту/келісу күні құжатты енгізу күні болып есептеледі. Құжат бекітілген сәтте күшіне енеді.

## **7 Қолжетімділікті қамтамасыз ету**

Бөлімшелерді осы ӘН даналарымен қамтамасыз ету сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 6 бет
--	--	--

## **8 Сақтау**

Осы ӘН-ды сақтау ҚР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.


## **9 Талдау және өзектендіру**

Осы ӘН-ты тексеру, талдау және өзектендіру ҚР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

## **10 Өзгерістер енгізу**

Осы ӘН-қа өзгерістер енгізу ҚР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

Приложение А  
(справочное)  
Процесс проектирования образовательных услуг



Запрещается несанкционированное копирование







«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Білім беру қызметтерін жобалау және әзірлеу</b>	ӘН V-05-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 10нан 10 бет
--	--	---

## **Библиография**

[1] Қазақстан Республикасының Заңы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 - III ҚРЗ.

[2] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 351 бұйрығымен бекітілген "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары.